



ЕЛБАСЫ ГУРБАНГУЛЫ БЕРДЫМҰХАМЕДОВПЕН КЕЗДЕСТІ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түрікменстанға ресми сапары аясында Президент Гурбангулы Бердымұхамедовпен кездесті деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

«Оғызхан» сарайындағы ресми қарсы алу рәсімінен кейін Мемлекет басшылары шағын құрамда келіссөздер өткізді.

Кездесу барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының даму болашағы мен халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Түрікменстанның ежелден қалыптасқан тарихи және мәдени байланыстардан бастау алатын екіжақты қарым-қатынастары дәстүрлі достық сипатта екендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы бүгінгі жағдайда «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» теміржолы екі елдің экономикалық серіктестігіне елеулі серпін беретінін айтты.

– Парсы шығанағына қарай теміржол төселуіне байланысты осы жылы тауар айналымы 38% өсті. Бұрын мұндай болған емес. Ынтымақтастыққа қажетті резервтер көп, оларды халықтарымыздың игілігіне пайдаланған жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы Қазақстан мен Түрікменстанның көліктік-транзиттік әлеуетін дамытуды қамти отырып, екіжақты ынтымақтастықтың барлық жағы бойынша өзара іс-қимылды ұлғайту керектігіне тоқталды.

– Біз сауда, саяси және мәдени байланыстардың деңгейін көтеру үшін бар күш-жігерді жұмылдыруға тиіспіз деп санаймын. Қазақстан Түрікменстан үшін газ құбырының ғана емес, теміржолдың да транзиттік бағыты болып саналады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті екі мемлекеттің халықаралық мәселелердегі өзара түсіністігі мен ұстанымдарының ұқсастығына да назар аударды.

Өз кезегінде Гурбангулы Бердымұхамедов Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түрікменстанға сапары өзара байланыстарды барлық жағынан кеңейту тұрғысында маңызды екенін атап өтті.

– Біз Сіздің сапарыңызға зор мән береміз және ол Түрікменстан мен Қазақстан арасындағы мемлекетаралық диалогқа жақсы серпін беретініне сенімдіміз, – деді Г.Бердымұхамедов.

БАҚ беттерінен

«НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ»

Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ 11 қараша күні 2015 жылға арналған. «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауын жариялады. Осыған орай, 27 қараша күні аудандық әкімшілікте Елбасы Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты кезекті Жолдауын талқылау бойынша актив жиналысы болып өтті. Активке ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қоғамдық ұйым, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аудан әкімі Г.Акулов мемлекет басшысының Үкіметке берілген қазақстандықтардың көкейтесті проблемаларын шешудегі 14 тапсырмасы, 11 инновациялық

жаңғырту идеялары, елдің инфрақұрылымдық дамуының 7 қағидатты жаңа идеясы туралы Жолдаудың мазмұнын қысқаша түсіндіріп, ауданда келер жылы атқарылатын жұмыстар жайлы баяндама жасады. Одан кейін сөз сөйлегендерде Елбасының биылғы Жолдауына өз пікірлерін білдірді. Елбасымыз айтқандай тәуелсіздігіміздің баянды болуы, ел экономикасының тұрақты дамуы бұл әр қазақстандықтардың ынтымақ, бірлігі жарасқан әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіру үшін сіздер мен біздер бірлесе аянабай еңбек етуіміз керек, еселі еңбек етіп, еліміз іргелі, ел тыныштығы мен ауызбіршілікте болуын «Аудан тынысы- Пульс района» ЖШС бас редакторы Е.Бойченко айтып өтті.

(жалғасы 2-ші бетте)

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСТЕРІ

Бородулиха аудандық әкімдігінің кіші мәжіліс залында қараша айының соңғы онкүндігінде «Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық Кодекстердің жаңа үлгісіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру барысында, Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған Қылмыстық Кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу Кодекстерін талқылауға арналған ведомствоаралық кеңес өтті. Аудан прокуроры Д.Кенжебеков төрағалық жасаған кеңеске аудан әкімінің аппарат басшысы С. Лазурин, Бородулиха ауданының сот, прокуратура, адвокаттар кеңесі, ішкі істер органдары, әділет басқармасы, қылмыстық-атқару және салық басқармаларының өкілдері қатысты. Аталмыш кеңес биылғы жылдың 9 сәуірінде мемлекет басшысының өкімімен бекітілген «Қылмыстық және



қылмыстық-процессуалдық Кодекстердің жаңа үлгісіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру» шеңберінде ұйымдастырылды. Кеңесте жаңа өзгерістерге байланысты мәселелер талқыланды. Жиналыста осыған байланысты бірнеше қызметкерлер баяндама жасады: атап айтқанда аудан прокурорының көмекшісі Қ.Хайдаров Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған 3 шілде 2014 Қылмыстық Кодексінің №226 негізгі өзгерістеріне тоқталса, аудандық соттың судьясы К. Қасымов сот саласындағы Қылмыстық іс жүргізу кодекстердің жаңа моделіндегі өзгерістерінің басымдықтарын атап өтсе,

(жалғасы 2-ші бетте)

3-БЕТ

Президент
күніне
орай...

4-БЕТ

«ЖАС ҰЛАНДАР»
ЖӘРДЕМ
БЕРЕДІ

5-БЕТ

АДАМНЫҢ
АДАЛ
ДОСЫ


ҚАЗАҚСТАН - 2050

«НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ»

Одан кейін сөз алған аудандық ТҮКШ басшысы Р.Абдрахманов сөз сөйлеп, аудандағы тұрғын үй құрылысы, су жол туралы жүргізіліп жатқан бағдарламаларды тілге тиек етті. Сонымен қатар, сөз алған жас кәсіпкер М.Ремнев, И.Ероховецтер «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Елбасының Жолдауын талқылай келе, оның мән мағынасы өте

зор екендігі, болашағымыздың нұрлы болатынына үлкен сенімен қарайтынын айтты. Елбасы үнемі жастарға, жас отбасыларға үлкен қолдау көрсетіп келеді, ол өте қуантарлық жағдай екендігін айта келе аудан жастарын елімізде істеліп жатқан жақсы үрдістерді үлгі ете отырып, қандай шаруа болса да адамның өзіне байланысты екендігін, «Жол картасы -2020» бағдарламасы

аудан әкімдігінің кезекті отырысының күн тәртібінде «Жезкент кенттік округінде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының баптарының және «Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қызмет етуі және дамуының» орындалу барысы туралы» Жезкент кенттік округі әкімінің орынбасары Б.Садыкованың есебі алғашқы болып қарастырылды. Сонымен қатар әкімдік мүшелері мен шақырылғандардың назарларына кедесі ақпараттар ұсынылды: «2014 жылдың 9 айында кенттік және ауылдық округ әкімдерінің қызмет рейтингісінің қорытындысы туралы» - аудан әкімінің



Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 256 қаулысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 27 қарашада № 3561 тіркелген

Ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін лауазымдық жалақысын көтеру бекітілген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы №251 Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 238-бабы 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Бородулиха ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін лауазымдық жалақысын көтеру бекітілген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) анықталсын.

2. Тізім Бородулиха аудандық мәслихатына келісімге ұсынылсын.

3. Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істегені үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру

белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» 2009 жылғы 14 ақпандағы № 180 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 13 наурыздағы № 5-8-83 тіркелген, аудандық «Пульс района» газетінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 14 (6276) нөмірінде жарияланған), «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істегені үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» 2009 жылғы 4 ақпандағы № 180 қаулыға өзгерту мен толықтыру енгізу туралы» 2013 жылғы 29 наурыздағы № 666 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 2937 тіркелген, аудандық «Пульс района» газетінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 43 (6662), «Аудан тынысы» газетінің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 38 (338) жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп саналсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Қ. Аргумбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. НҰРҒОЖИН, аудан әкімінің м.а.
Келісіді: У. МАЙЖАНОВ, аудандық мәслихатының хатшысы

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСТЕРІ

Бородулиха аудандық ҚАИ аға инспекторы А.Баймадиева Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №234 Қылмыстық Кодексінің негізгі өзгерістеріне тоқталса, АПБ басшысының орынбасары А.Абилқасымов 2014 жылғы 4 шілдедегі №231 Қазақстан Республикасының «Қылмыстық--процессуалдық Кодексінің өзгерістері туралы» баяндады. Қазақстан Республикасының жанадан қабылданған Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодекстерін талқылауға арналған кеңесте барлық бандамашылар өз тараптарынан істеліп жатқан жұмыстарын атап өтті. Бородулиха ауданының прокуроры Даулет Кенжебеков: «Судьялар, прокуратура органдарының қызметкерлері, ішкі істер органдары, адвокаттар мен тергеушілер жана заңдармен жұмыс істеуге дайын болуға тиіс», - деп атап өтті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына енгізілген негізгі өзгерістеріне тоқталды. Жиналыс қорытындысы бой-

ынша қатысушылар Кодекстерге енгізілген өзгерістерді кеңінен түсіндіру және аудандағы басқа да құқық қорғау органдарымен жиі жұмыстар жүргізу керектігі айтылды. Занды қолдана отырып, қаралған азаматтық, қылмыстық-процессуалдық істер бойынша



туындайтын мәселелер мен олардың шешу жолдарын айқындады. Кеңес соңында аудан прокуроры Д.Кенжебеков сөз сөйлеп, кеңестің жұмысын қорытындылады. Ертеңіміздің іргесі бүгіннен бастап қаланатынын ескерсек, бұл бағыттағы шаралардың өзектілігі айқындалатыны сөзсіз.

М.АТАЕВА



аппаратының басшысы С.Лазурин ақпараттандырды. Ал, келесі кезекте «2015 жылдың 1 жарты жылдығына республикалық, облыстық және аудандық газетке жазылу барысы туралы» ақпаратты ішкі саясат бөлімінің басшысы С.Гальченко ақпарат берді. «Ауданда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы» білім бөлімінің басшысы Н.Көкшебаева таныстырды. Баяндамашыларға сұрақтар қойылып жауаптар берілді. Қарастырылған есеп бойынша сәйкестік қаулы қабылданып, ақпараттар мәліметке алынды. Осы қаралған сұрақтар бойынша аудан басшысы қатаң тапсырмалар берді.

М.БАЛАБАЙҚЫЗЫ

Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 27-5-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 21 қарашадағы 3556 нөмірімен тіркелген)

Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 21-8-V «Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттардың тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 21-8-V «Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттардың тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 29 сәуірдегі 3280 нөмірімен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2014 жылғы 9 мамырдағы № 35, «Пульс района» газетінің 2014 жылғы 9 мамырдағы № 36 сандарында жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі Қағидасына өзгерістер енгізілді, орыс тілдегі Қағида өзгермейді;

Қағиданың 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Біржолғы әлеуметтік көмек жылына бір рет ұсынылады.».

Қағиданың 8-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 70 айлық есептік көрсеткішті құрайды.»;

Қағиданың 9-тармағы 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«Ауғанстан аумағынан әскерлерді шығару күні, интернационалист-жауынгерлерді еске алу күні – 15 ақпан – басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарға қатысушыларға – 35,1 айлық есептік көрсеткіш.»;

Қағиданың 9-тармағы 4) тармақшасының 2 абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«- бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер - 35,1 айлық есептік көрсеткіш.»;

Қағиданың 9-тармағы 4) тармақшасының 3 абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

«- қайталап некеге отырмаған Ұлы Отан соғысы уақытында қаза тапқан әскери қызметшілердің зайыптарына – 35,1 айлық есептік көрсеткіш.».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. БЫКОВ, Сессия төрағасы
У. МАЙЖАНОВ, Аудандық мәслихат хатшысы

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Петропавловкадағы Тұңғыш Президент күні

Петропавловка ауылында Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар болып өтті. Т.Аманов атындағы орта мектепте «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» лездемесі, 5 - 10 сыныптар арасында «Егер мен Президент болсам» шығарма сайысы, мектепалды даярлау тобында «Менің Президентім» атты әңгімелесу сағаты, 1 - 11 сыныптар арасында «Тұңғыш президент - ел мақтанышы», «Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш резиденті» атты сынып сағаттары өтті.

Ауылдық және мектеп кітапханаларында «Қазақстан – менің мақтанышым» атты көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмеге кітапханашылар Л.Андрейцева мен Л.Головнева жауапты

болды. Бұл көрмені көруге оқушылар, оқырмандар, зейнеткерлер келді. Көрмеде Президентіміз Н.Назарбаевтың өмірбаяны, шыққан кітаптары мен Жолдаудары кеңінен көрсетілген. Келген адамдарды кітапханашылар жылы шыраймен қарсы алып, Президент туралы әңгімелер айтты. Осы іс-шаралар ауылдық округ әкімі Ш.Әбділов өткізген салтанатты жиынмен аяқталды. Жиналысқа зейнеткерлер, ұстаздар, әкім аппараты қызметкерлері, шаруа қожалықтарының жұмысшылары және ауыл тұрғындары қатысты.



Президент күніне арналған салтанатты кеш

Көп жылдар бойы қазақ халқы тәуелсіз ел болып, бақытты өмір сүруді қалады. Қазақ халқының бұл арманы 1991 жылы 1 желтоқсанда орындалды. Осы күні Қазақстан Республикасының алғаш президенті ретінде ешқашан берілмейтін, құрметті ұлы тұлға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

Осыған орай 25 қараша күні Бородулиха колледжінде А.Рябов, П.Собченко, Д.Володькин, А.Айтуаров, А.Судьенков, В.Кальденбергер оқушылардың қатысуымен, алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы М.К.Даиров пен кітапханашы С.А.Баянованың ұйымдастыруымен Президент Н.Ә. Назарбаев күніне арналған «Дана басқарушы – мықты ел» атты әдеби кеш өткізілді.

Мерекелік кешті тарих пәнінің оқытушысы Д. Ақабаев пен 1курс оқушысы Л. Дусимова екі тілде жүргізді. Әдеби кеш Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, құттықтау сөз колледж директоры Т.М. Ахметжановқа берілді.

Т.М.Ахметжанов барлығымызды мереке күнімен құттықтай отырып, «Елімізге бейбітшілік, тыныштық, татулық пен сабырлық, Қазақстанымыз көркейе берсін, әрбір Қазақстан азаматы бақытты болсын» деп тілек білдірді.

Мерекені жүргізушілер елбасымыздың өмір жолы, оның балалық шағы, отбасы мен табысы жайлы айтып өтіп, сонымен қатар көрме бейнесі көрсетілді. Оқушыларға викторина өткізіліп, әдеби кешімізді мәдениет үйінің әртістері А.Мамедова, М.Оразаев, Г.Каджығалиев, А.Рымбаев, Г.Тусипаева Н.Ә.Назарбаевтың сүйікті әні «Весна на заречной улице» және патриоттық әндерімен жалғастырды.

Кештің соңында құттықтау сөзі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Л.Скворцоваға берілді, құттықтай отырып, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осындай ұлан - байтақ жерімізге, халқының игілігіне төккен теріне, қажырлы еңбегіне деген құрметін білдіріп, рахметін айтқан соң, оқытушы Д.Ақабаев мерекелік кешті «Атамекен» әнімен аяқтады.

Осы кеш көрермендердің көңілінен шығып, мәдениет үйінің директоры Л.А.Кальмаер мен әртістеріне алғысын білдірді.

Сонымен қатар осы күні оқытушылар мен оқушыларға кітапханашы С.Баянова «Нұрсұлтан Назарбаев – елбасы және саясатшы» атты кітап көрмесін дайындап, елбасымыздың жас кезіндегі фото суреттерін, аттестатының көшірмелерін көрермендерге көруге ұсынды.

С.БАЯНОВА, Бородулиха колледжінің кітапханашысы

2014 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНА АУА РАЙЫН БОЛЖАУ ПАВЛОДАР, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫ

Ауаның орташа температурасы минус 11...18 гр, бұл мөлшерден 2 гр төмен (мөлшері: минус 9...16 гр) болады.

Бірінші онкүндіктің басында ауаның температурасы түнде 10...15, кей жерлерде 20...25, кей жерлерде 25...30 аязға, күндіз 1...6, кей жерлерде 11...16 аяздан, 6...11, кей жерлерде 16...21 аязға дейін төмендеді. Одан кейін түнде 5...10, кей жерлерде 15 аязға, күндіз 3 аязға ...2 жылы, кей жерлерде 8 аязға дейін жоғарлайды. Онкүндіктің соңында түнде 10...15, кей жерлерде 20...25 аязға, күндіз 3...8, кей жерлерде 13...18 аязға дейін төмендейді.

Екінші онкүндіктің басында ауаның температурасы түнде 10...15, кей жерлерде 20...25 аяздан, кей жерлерде 32...37 аязға, күндіз 3...8, кей жерлерде 13...18 аяздан, 13...18, кей жерлерде 23...28 аязға дейін төмендеді. Одан кейін түнде 17...22, кей жерлерде 27...32 аязға, күндіз 6...11 аяз, кей жерлерде 8 аязға дейін жоғарлайды. Онкүндіктің соңында түнде 10...15, кей жерлерде 16...21 аязға, кей жерлерде 21 аязға дейін төмендейді.

Үшінші онкүндіктің ауаның температурасы түнде 29...34, кей жерлерде 30 аяздан, 23...28, кей жерлерде 33...38 аязға, күндіз 16...21, кей жерлерде 26...31 аяздан, 10...15, кей жерлерде 20...25 аязға дейін төмендеді. Онкүндіктің ең соңында түнде 11...16, кей жерлерде 21...26 аязға, күндіз 4...9, кей жерлерде 14 аязға дейін жоғарлайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері мөлшер шамасында және мөлшерден аз (мөлшері: 8...46 мм) болады. Жиі-жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында кей жерлерде қар жауады.

Бірінші онкүндіктің басында кей жерлерде көктайғақ болуы мүмкін.

Бірінші онкүндіктің соңында кей жерлерде тұман болуы мүмкін.

Бірінші және екінші онкүндіктердің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында бұрқасынмен қатар батыстан соғатын жел 15-20 м/с күшейеді.

«ЕЛІ СҮЙГЕН, ЕЛІН СҮЙГЕН - ЕЛБАСЫ»

1-ші желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай Ивановка ауылдық клуб меңгерушісі Б.Қырықбаеваның ұйымдастыруымен мерекеге арналған іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілді. Мерекелік концерт Қазақстан Республикасы Әнұранымен басталып, ауыл әкімі А.Камилаев ауыл тұрғындарын Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, әр отбасыға береке-бірлік, зор денсаулық, ашық аспан тіледі. «Елбасы саясатының көрегендігі мен даналығының нәтижесінде мемлекетіміз әлемге танылып, бүгінде тәуелсіз қазақ елін бар әлем мойындап, мемлекетіміз күннен-күнге қарыштап дамуда», - деді өз сөзінде ауыл әкімі. Сонымен қатар ол



Елбасымыздың туған елі мен жерін дамытуға қосқан ерен ерлігі мен еңбегі жайында айтып өтті. Ауыл кітапханашысы А.Заманбекова ҚР Президентіне арналған «Елбасы – біздің тірегіміз» атты кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының құрамына қабылданған елу ауыл тұрғынына партия билеттері берілді. Салтанатты мерекені Ивановка орта мектебінің ұстаздары, оқушылары және ауыл өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты. Елбасына арналған әсем әндер мен өлең жолдары мереке сәнін арттыра түскендей болды. Көрермендерге мерекелік концерт көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, олар өз ризашылықтарын білдіріп үйлеріне қайтты. ҚР Президентіне

Е.МАУЫТҚАЗИНОВА, Новодворовка а/о

ЖОЛДАУ ЖАСТАР ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ТАПТЫ

2014 жылдың 25 қарашасында Т.Аманов атындағы орта мектепте жастар арасында Елбамыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауына орай дөңгелек үстел өткізілді. Бұл іске Жастар ұйымының жетекшісі А.Помельникова мұрындық болды.

Айнаш Самағқызы өз сөзінде жастарды келе жатқан Тұңғыш Президент күнімен құттықтап өтті. Одан кейін Президент Жолдауы бойынша жалпы ақпарат берді. Елбасымыздың Жолдауында жана экономикалық саясат белгіленді. Бұл саясат мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Жолдауда жол құрылысының жөнделуіне, тұрғын үй инфрақұрылымын нығайтуға көп көңіл бөлінгенін атап өтті. Мектептің жас ұстазы Е.Карапов өз сөзінде: «Мені қуандырғаны Президентіміздің мектеп мәселесіне, бала-бақша құрылысына, энергетикаға, әлеуметтік инфрақұрылымға көңіл аударғаны», - деді. Ал жастар арасындағы белсенділердің бірі А.Ақылханова өз кезегінде Нұрсұлтан Әбішұлының Жолдауын ерекше көңілмен тыңдағанын жеткізді.

Президент біздің мемлекетіміздің бүкіл қызмет салаларына тоқталып өтті. Зейнетақы көтеріліп жатыр, бюджеттік ұйымдарда жалақылар көтерілуі жоспарланып отыр. Осының бәрі мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қарқынды дамуы екені сөзсіз.

«Жастар – біздің болашақтың тіреуі. Мемлекет жастар алдында барлық жолдар мен есіктер ашты. «Нұрлы жол» - біздің жастардың күш салып, өз мүмкіншіліктерін көрсететін бағдарлама», - деген болатын өз Жолдауында мемлекет басшысы.

Округ жастары аталған дөңгелек үстелге белсене қатысып, өз ойларын мен пікірлерін ортаға салды.

Петропавловка а/о әкімінің аппараты.

ЖАҢА ЖОЛДАУ – БОЛАШАҚ БАҒДАРЫ

Ленин ауылдық округінің ақпараттық насихат тобы халықпен Елбасымыздың жаңа Жолдауы бойынша кездесу өткізді. Елбасының жарыққа шыққан «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында біздің Президентіміз дана саясат ұсынып отыр.

Біз, Ленин ауылдық округінің тұрғындары, Президентіміз ұсынған дүниежүзілік дағдарыстан қалай шығудың жан-жақты жолдарын толық қолдаймыз. Бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған мәселелерді нақты білгендіктен Президентіміз «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақстанның жана экономикалық саясатын жаңа жолға қойды. Бұл бағдарлама жақын арада біздің экономикамыздың өсуіне қозғаушы күш болады. Жастар мен этносаралық келісімдерге көп көңіл бөлінген. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарды, жаңа және қазіргі заманға сай мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызмет көрсетеді. Жалпы айтқанда бұның бәрі - әрбір қазақстандықтың жақсы өмір сүруіне тікелей жол. Ең бастысы осының бәрі біздің болашақ ұрпақтарымыздың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады.

Біздің әрқайсымыз Жолдаудың мағынасын түсініп, ұғынуымыз керек. Жұмыста өзімізге байланысты міндеттердің барлығын дұрыс шешу үшін тырысуымыз керек.

Ленина а/о әкімінің аппараты

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

Елбасы күні - елдікке құрмет мерекесі

1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай Зубаир ауылдық кітапханасында оқырмандар үшін «Елбасы күні – елдікке құрмет мерекесі» атты іс-шара болып өтті. Бұл шара жас оқырмандарды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, олардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру үшін дұрыс бағыт-бағдар беру, патриоттық сезім нығайтуға бағытталған. Елбасымыз туралы терең, ойлы дәйексөздер жиналды. «Елі еріне, ер еліне сенген ұлы тұлға» атты өлеңдер сайысы болды. Онда оқырмандар президент туралы өлеңдер оқып, тақпақтар айтты. «Елбасы және Елорда» атты слайд көрсетілді. Бұл слайдта Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі, балалық шағы жайлы қызықты суреттер ұсынылды. Елбасының өмірге келуі де бір есте қаларлық оқиға. Елбасымыздың жетістіктеріне туралы қысқаша шолу жасалды. Осы іс-шара барысында сұрақтар топтамасы қойылып, оған жауап қайтарылды «Елін сүйген, елі сүйген - ЕЛБАСЫ» атты тақырыпта кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Кішкентай оқырмандарымыз осы мерекеге орай суреттер салып, көрменің сәнін кіргізді. Мерекелік іс-шара өте тартымды, қызықты өтті.

Зубаир а/о әкімінің аппараты

«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»



Коростели орта мектебінде Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шаралар аясында тәрбие сағаты өтті. Оның мақсаты оқушыларға тәуелсіздіктің қасиетті ұғым екенін түсіндіру. Жас ұрпақты отаншылдыққа, адамгершілікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды.

1986 жылы желтоқсанда отты оқиға

болды. Сол оқиғадағы жастардың ерлігіне Тәуелсіздігіміз бастау алды. Сол кезде қазақ жастары өз Отанын, жерін, ар-намысын қорғай алатындығын көрсетіп, «Ел намысын аяқ асты етпейміз», - деп бейбіт шерудің алдыңғы сапында болды. Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Спатаев, Ләззат Асанова сияқты біртуар ұлдар мен қыздар өздерінің жас ғұмырларын сарп

етті. Олардың есімдері халық жүрегінде мәңгі сақталды. Бұл оқиғаны Тәуелсіздік аңсаған елдің ширыққан намысы деп бағалаймыз. Ерлігі үзілмеген қазақ халқының перзенттері ретінде Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға бас иіп, Желтоқсан құрбандарын еске алу үшін 1 минут үнсіздік жарияланды. Оқушылар тәуелсіздік күніне арналған өлеңдер оқыды. «Атамекен» әнін орындап өздерінің туған еліне, Отанына деген мақтанышын көрсетті. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, осы бейбіт күнде тату-тәтті өмір сүріп жатқанымыз, әрине, Ұлы Отан Соғысына қатысқан батырларымыздың да арқасы. Бейбіт күн сыйлаған атақты батырларымыз - Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов. Оқушылар батырлардың өмірбаянымен, олардың көрсеткен ерлігі туралы естелік әңгімелермен танысты. Тәуелсіз еліміздің бас қаласы Астана туралы слайд топтамалары көрсетілді. Тәрбие сағаты «Көк тудың желбірегені» әнімен аяқталды.

Ж.БОДЕЕВА, Коростели орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

«ЖАС ҰЛАНДАР» ЖӘРДЕМ БЕРЕДІ



алғысы мен батасын алып қайтты. Алдағы уақытта да бұл жұмыс өз жалғасын табады деген сөзсіз.

А.НАЙМАНБАЕВА, Т.Аманов атындағы орта мектептің 7 «А» сынып жетекшісі

«Тәрбие – тал бесіктен» дейді дана халқымыз. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ алдыңғы буын – аға-әпкелерінің ісі мен сөзінен үлгі алып, жақсылық пен қамқорлықты бойларына сіңіріп өседі. Қазіргі таңда ауылдардағы бірден-бір тәрбие мен білім ошақтары – орта мектептер болып отыр. Бала үшін отбасында көрген тәлімі қаншалықты маңызды болса, мектепте көріп-білгені, үйренгені де соншалықты қажет.

Петропавловка ауылдық округіндегі Т.Аманов атындағы орта мектепте қазіргі таңда тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылған деуге болады. Алдағы жылы тойланатын Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында мектеп оқушылары ауылдағы қарт адамдардың үйлеріне барып, қолдарынан келген көмектерін көрсетіп жүр. Мысалы, қараша айының 27-і күні 7 «А» сынып оқушылары түтеген боранға қарамастан ауыл тұрғыны Төлендиев Айтқазы ақсақалдың үйіне барып, өз көмектерін көрсетті. Күректерін ыңғайлап ұстап, үйілген қарды күреген Құдайбергенова Жансая, Солтанбек Аружан және Казбеков Еламан қарттардың

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

Бақы ауылдық клубында 1 желтоқсан күні «Қазақстан Президенті» тақырыбына дөңгелек үстел өтті. Аталған шараға қоғамдық ұйым өкілдері, «Нұр Отан» партиясының мүшелері, округ активі қатысты. Әкім В.Чуваткин құттықтау сөз сөйледі. Ауылдық кітапханашы Г.Байғұжинова баяндама жасап, мәдениет ұйымдастырушы Т.Жансарина, жастар кеңесінің мүшесі О.Байғұжинова, шекара заставасының қызметкері Р.Қыдырмолдаұлы сөз сөйледі. Ауылдық кітапханада «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сол күні ауыл жастары арасында үстел теннисінен жарыс өтті. Ойын өте қызықты өтіп, жанкүйерлер өздерінің тобына демеу көрсетті. Төрешілер адал бағалады.

Ойын қорытындысы бойынша 1 орынды Батюков Андрей, 2 орынды Қубаев Тимур, 3 орынды Смайлов Әмірбек иеленді.

Бақы ауылдық округінің әкімі В.Чуваткин жеңімпаздарға мақтау мадақтамасы мен мерекелік сыйлықтар табыстады. Кешке жастарға арналған мерекелік би кеші өткізілді.

Н.КӨРПЕТАЕВА

«2014 ЖЫЛДЫҢ 9 ТОҚСАНЫНА АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ КЕНТТІК ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ РЕЙТИНГТІК ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ» АҚПАРАТ

«2013 жылға арналған ауылдық (кенттік) округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы» Бородулиха ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 667 қаулысына сәйкес жақсы көрсеткіштерге жетті:

1 топ

Бородулиха ауылдық округі (К.К. Бичуинов) – кәсіпкерлік, білім беру саласын дамытуда, автожолдар желісін ұстауда және және аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;

Новопокровка ауылдық округі (Т.М. Жаймұхамедов) – денсаулық сақтау саласын дамытуда, автожолдар желісін ұстауда және дамытуда, мемлекеттік тілді дамытуда, әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;

Жезкент кенттік округі (Ш.Ә. Галиев) – білім беру, денсаулық сақтау саласын дамытуда, мемлекеттік тілді дамытуда, ауыл шаруашылығы саласын дамытуда, аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;

2 топ

Новодворовка ауылдық округі (А.К. Камилаев) – мемлекеттік тілді, денсаулық сақтау, және мектепке дейін білім беру саласын дамытуда, аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;

Ленин ауылдық округі (М.А. Нұркешев) – мектепке дейін білім беру, денсаулық сақтау саласын дамытуда, дене шынықтыру және спорт және аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;

Дмитриевка ауылдық округі (Ж.У. Жолдыбеков) – тұрғын үй саласын дамытуда, мемлекеттік тілді дамытуда, мектепке дейін білім беру және аудан әкімі және әкімнің орынбасарлары берген тапсырмаларын орындауда жақсы көрсеткіштер;

Жұмыс тобы иеші:

1. 2014 жылдың 9 айына ауылдық (кенттік) округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуының рейтингтік бағалау нәтижесін бекітуді:

бірінші топ бойынша

- 1 орын Бородулиха ауылдық округі
- 2 орын Новопокровка ауылдық округі
- 3 орын Жезкент кенттік округі
- 4 орын Белағаш ауылдық округі
- 5 орын Новошұльба ауылдық округі
- 6 орын Петропавловка ауылдық округі

екінші топ бойынша

- 1 орын Новодворовка ауылдық округі
- 2 орын Ленин ауылдық округі
- 3 орын Дмитриевка ауылдық округі
- 4 орын Бақы ауылдық округі
- 5 орын Андреевка ауылдық округі
- 6 орын Подборный ауылдық округі
- 7 орын Таврия ауылдық округі
- 8 орын Красный Яр ауылдық округі
- 9 орын Степной ауылдық округі
- 10 орын Жерновка ауылдық округі
- 11 орын Переменовка ауылдық округі
- 12 орын Зубаир ауылдық округі

2. Петропавловка округі және Зубаир ауылдық округінің 2014 жылдың 9 айына ауылдық (кенттік) округтердің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді орындау бойынша жұмыстары жеткілікті деп танылды.

3. 2014 жылдың 9 айына ауылдық (кенттік) округтердің рейтингтік қорытындысы аудандық «Пульс района» және «Аудан тынысы» газеттерінде жарияланды.

М. АРГУМБАЕВ,
Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы



ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ

Н.Островский орта мектебіндегі
іс-шаралар керуені

Н.Островский атындағы орта мектепте 19 - 30 қараша аралығында ҚР Тұңғыш Президент күніне орай дайындалған жоспарға сәйкес оқушылар мен мұғалімдер бірқатар іс-шаралар дайындады және сол шараларды белсенді түрде өткізді.

23 қарашада 1 - 4 сынып оқушылары арасында «Гүлден менің Қазақстаным» атты суреттер байқауы ұйымдастырылды. Аталған шараға 28 оқушы қатысты. Бұл байқаудың мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, балалардың сурет саласындағы дарынын анықтау, оларды өзінің туған жерін сүйуге тәрбиелеу. Айтылмыш байқауға балалар қызығушылықпен және



таңғаларлық белсенділікпен қатысты. Суреттер ашық түсті және мағыналы болып, балалар қиялының ұшқырлығымен, олардың ақиқатты қабылдау деңгейімен таңқалдырды.

21 қарашада «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығы бағдарламасының аясында брейнинг өткізілді. Оған ауданымыздың келесі мектептері қатысты: Аманов атындағы ОМ, Новопокровка ОМ, Белағаш ОМ. «Біз Қазақстанның болашағымыз» атты брейнингке аталған мектептердің 9 - 10 сынып оқушылары келді. Іс-шараның мақсаты мен міндеті: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы оқушылардың білімін тереңдету, оқушылар бойында өз елінің алдындағы азаматтық парыз, азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру, ел мүддесі үшін қызмет етуге шақыру, оқушылардың танымдық зейінін дамыту. Ойынға қатысқандар тиянақты деректерге сүйене отырып, жұрт алдында сөйледі. Қойылған сұрақтарға белсенді жауап берді. Өздерінің



пікірлерін айтты. Барлық қатысушылар Н.Островский атындағы орта мектептің 10 «б» сынып оқушысы Диләра Капарова дайындаған Н.Назарбаев туралы слайдпен танысты. Ойынның қорытындысы бойынша 1-ші орынды Т.Аманов атындағы орта мектеп, 2-ші орынды Новопокровка орта мектебі, 3-ші орынды Белағаш орта мектебі иеленді.

24 қарашада мектеп кітапханасында «1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» атты журналдар және кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

20 қарашада мектептің екінші қабатындағы дәлізде «Заман көсемі» атты тақырыптық қабырға газеттері орналастырылды. Қабырға газеттерінде Н.Назарбаевтың дербес ғұмырнамасы және тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан тарихы туралы материалдар ұсынылды.

И.ЕРТАЕВА,

Н.Островский атындағы орта мектептің «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығының жетекшісі

АДАМНЫҢ АДАЛ ДОСЫ

Олардың әскери киімі, қару-жарағы немесе қорғаныс құралдары жоқ. Десе де оларды шекара сақшылары деп атайды. Олар – шекара күзетінде жүрген біздің төрт аяқты достарымыз, жеті қазынаның бірі – иттер. Біздің адал достарымыз шекарашылармен бірге еліміздің тыныштығын қорғау үстінде. Бүгінгі әңгіме сондай иттердің бірі Блэк туралы болмақ.

Қазіргі күні Блэк атты қызметтік ит Өскемен шекара жасағының «Жезкент» шекара заставасының құрамында өзінің қызметтік міндетін атқарып келеді. Блэк осы заставкаға келген кезде оны қабылдап алған иісшіл иттердің нұсқаушысы, аға сержант М.Алақаев оның табиғи қасиеттерін дәл таныған еді. Ол Блэктің болашақта заңсыз тауар тасушылар мен қылмыскерлер үшін нағыз айбар болатынын сол кезде-ақ сезген болатын. Блэк өзінің керемет иісшілдігімен талай рет тиым салынған құралдар мен заттарды тауып, қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Жалпы алғанда иттің жетістігі көбінесе нұсқаушысының оны қалай баптағанына байланысты. Блэктің иесі, әрі досы Медет

ит. Мінезі – орнықты. Тығылған заттарды тез әрі дәл табатын қасиеті бар. Осындай табиғи генетикалық қасиеттері оған



Алақаев бүгінгі күні бөлім және өңір басшылығы тарапынан көптеген марапаттар алып отыр.

«Блэк - өте төзімді, жауапты

сенімділік береді. Себебі ол таза қанды неміс овчаркасы тұқымынан. Ол өз нұсқаушысын жай ғана ишарадан түсінеді. Нұсқаушының не қалап тұрғанын бірден біледі.

Блэк өзіне қатығездікпен қарағанды ұнатпайды. Иесінің қатқыл мінезін бірден аңғарады және иесіне жағуға тырысады. Сонымен қатар ол өте мейірімді ит. Еркелеткенді, сүйікті тамағын бергенді ұнатады», - деді сөз арасында Медет Алақаев.

Нұсқаушы Медеттің айтуына қарағанда иісшіл иттің иесі өз итін ұрып-соқпай, жабірлемей, оған қамқорлықпен қарап, ортақ тіл табыса білгенде ғана бірлескен жұмыстан нәтиже шығады екен. Итті дұрыс тамақтандырып, уақытылы серуендетіп, жоспарға сәйкес дайындап, баптау керек. Оны осындай күн тәртібіне бейімдеген дұрыс. «Ең бастысы, сенің төрт аяқты досың махаббат пен қамқорлықты сезінуі тиіс. Сонда ғана ол сені тындап, адал дос, сенімді серік болып, адалдық танытады», - деді аға сержант Медет Алақаев. Медет пен Блэктің күн сайын бірге дайындалып, бірге серуендеп жүргенін көрген жандардың барлығы адам мен иттің арасында осындай керемет сенім мен достықтың болатындығына қайран қалады. Нұсқаушы жай ғана ишара білдірсе болды, Блэк бірден түсініп, нұсқаушының пәрменін мұлт жібермей орындайды. Керісінше иесі де өз итінің көңіл-күйін дәл байқап, егер ит қобалжулы болса, онда оның көңілін көтеруге тырысады.

«Тек бір ғана өкініштісі – демалыс кезінде заставадан кетуге тура келеді. Сол кезде Блэк жалғыз қалады. Осындай кезде ол қатты қиналады. Тамаққа деген тәбеті жоғалып, есік аузында сағаттап жатып алып, қынсылайды. Осы арқылы ол өз иесіне деген сағынышын білдіріп, оны шақырғандай болады. Өрине мен де оны қатты ойлаймын. Менің бір жұбанышым осындай сәттерде өзімнің қызметтес серігімді сенімді адам сержант Алмас Касеновтың қолына табыстап кететінмін», - деді сөз арасында Медет.

Бүгінгі күні Медет үшін Блэк тек қана қызметтік ит емес, сонымен қатар қызметтес серік, адал дос, әрі қайталанбас көмекші. Бізді Медет сияқты өз ісіне берілген азаматтар мен төрт аяқты достарымыз Отан алдындағы өз борыштарын абырой мен атқарып келе жатқаны қуантады.

**ЖЕЗКЕНТ ШЕКАРА ЗАСТАВАСЫ
ТӘРЖІМЕЛЕГЕН, А.ТЛЕУҒАЗИН**

Арқабай бақсы туралы
аңыз бен шындық

1862 - 1943 жылдары Аякөз-Жарма өңірлерінде Арқабай деген бақсы адам өмір сүрген екен. Арқабай бақсы өмірі өтірік айтпай, біреудің ала жібін аттамай өмір сүріпті. Бақсылық құрып тапқан табысын өзі пайдаланбай, жарлы-жақыбайларға таратып кетеді екен. Арқабай жарықтық өмірі көлікке, не машинаға, не поезға отырматты. Баратын жеріне сол көліктен бұрын жетіп, алдарынан тосып тұрады екен. Бірде Аякөзде бір егде тартқан адаммен кездесіп қалып, әңгімелесіп отырдық. Өзін Амангелді Мейрамов деп таныстырған әлгі адам Арқабай бақсы туралы бір әңгіме айтты.

«1947 жылдары менің әке-шешем Жарма станциясында тұрыпты. Шешем Рабиға маған босана аламай, Аякөзден дәрігер шақыртқан екен. Келген дәрігерлер ештеңе жасай алмапты. Олар үш күн бойы ананы-мынаны істеп, енді не істердің амалын таппай отырғанда, үйге Арқабай бақсы кіріп келіп:

- Отец пришел, ему можно войти, - деген екен.

Орыс дәрігерлер кірсін, көрсін деп рұқсат береді. Арқабай бақсы Рабиға шешемді көрген соң, жамбас тұстан таяғымен ақырындап салып қалған екен. Соны істеп есіктен шыға бергенде мен шыр етіп жерге түсіппін. Өкем соғыстан аман-есен келдім, әйелім аман-есен босанды, енді баламның атын Амангелді қоямын деп, мені Амангелді атапты». Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, айтулы айтыскер ақын, көкпектілік Қалихан Алтынбаевтің бір естелігінде: «Арқабайды 1943 жылы Білектаста тұрғанда көргенмін. Арқабай бақсы түн ортасында тұрып алып, «Таңды машһар болғанда, қиямет-қайым туғанда, күрзімен ұрғанда не боламыз! Алай һақ» деп зікір салатын. Қабас Алтынбаев сол ауылда мұғалім болған. Бір жылы қыста қос ат жеккен шанамен Бөлектастан Қарақойтасқа қонаққа барады. Арқабай жаяу бұлармен бірге шығып, біраз жүрген соң артта қалып қояды. Беріктаспен Қарақойтастың арасы 70 шақырым. Ауылға жетсе киелі Арқабай төрде шай ішіп отыр

екен. Арқабай бақсы 1948 жылы 86 жасында дүние салады. Дүние салғанда ұрпақтарына «Мені жерлемендер, үш күн өткен соң мені ақ түйеге мінгізіп алып кетеді. Мен сол ақ түйемен дүние жүзін кезіп жүремін. Сендерге көрінбеймін, мені жерге көміп, әуре болмаңдар, бәрібір жерде жатпаймын» деген екен.

Жер бетінде бойына киесі қонған мыңдаған жан бар. Солардың ішінде не түрлі киелі адамдар бар. Сол қасиетті өздері сезбейді. Сезсе де ұстай алмай, басқа жолға түсіп кетеді. Теледидардан таңғы 4-те 7 каналдан «Аян. Дала аңыздары» деген хабар болады. Сонда не қилы осындай киелі, аруақты адамдардың қасиеттерін көрсетеді. Аруақты адамдардың басына барып, тағзым етіп, жазылып қайтқан жандарды көрсетеді. Бойларындағы қасиеті ұстай біліндер ағайындар! Арқабай дуананың шарапаты тисін! Өүмин!

**Т. ДҮЙСЕГЕЛДІҰЛЫ,
Новопокровка ауылы**



«Хабар»

ДҮЙСЕНБІ, 8 желтоқсан

